

**«Қазақстан: ұлы елдің бірігу тарихы»
республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жоғары сынып білім алушылары, сондай-ақ түрлі мәдени орталықтардың, этномәдени бірлестіктердің тәрбиеленушілері арасында қашықтықтан өткізілетін **«Қазақстан: ұлы елдің бірігу тарихы»** республикалық интернет-байқауының (бұдан әрі - Байқау) ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім алушыларды өз ұлтының құндылықтары мен дәстүрлеріне араластыру, түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы бірлік пен келісімді дамыту.

көп мәдениеттілік санасын және басқа этностардың өкілдеріне, діни конфессиясына деген ұлтаралық толеранттылықтың деңгейін арттыру;

қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу;

көп ұлтты еліміздің мәдениетіне және өткен тарихына құрметпен қарау сезімін қалыптастыру;

байқау жұмысын жазу процесіндегі білім алушылардың шығармашылық дамуы;

ақпараттық мәдениетті, оқушылардың сауаттылық және әлеуметтілік белсенділік деңгейін арттыру;

барлық халықтардың тарихи-мәдени дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына, этникалық және психологиялық ерекшеліктеріне деген құрметпен қарау қарым-қатынасын қалыптастыру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары электронды түрде **2016 жылғы 11 шілдеден 10 қарашаға дейін** rumcdo.history@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

2016 жылға 10 қарашадан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаз балалардың жетекшілеріне алғыс

хаттар **2016 жылғы 25 қарашада** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

6. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы. Қатысушыларға сараптамалық қорытынды мен пікірлер берілмейді.

7. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа **1500 (бір мың бес жүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ

Иик KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Төлемақының мақсаты: «Қазақстан: ұлы елдің бірігу тарихы» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету қажет.

8. Байқауға қатысу үшін rumcdo.history@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттар жіберілуі тиіс:

- 1) қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;
- 2) сканерден өткізген төлемақы құжаты немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрдегі байқау жұмысы.

3. Байқау талаптары

9. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 14-17 жас аралығындағы жоғары сынып білім алушылары, сондай-ақ түрлі мәдени орталықтардың, этномәдени бірлестіктердің тәрбиеленушілері қатысады.

Байқау келесі жас санаттары бойынша жүргізіледі:

- 1) 14-15 лет;
- 2) 16-17 лет.

10. Байқауға ұсынылатын эссе мазмұны мен ресімдеуге қойылатын келесі талаптарға сәйкес болуы қажет:

- 1) эссе өз бетімен орындалуы тиіс;
- 2) эссенің мазмұны байқау тақырыбын ашуы тиіс;
- 3) негізгі бөлімі, қорытындысы мен ұсыныстары ерекше болуы қажет;
- 4) ұсынылатын байқау жұмысы бұрын еш жерде жарияланбаған болуы тиіс.

Болжамды тақырыптар:

«Қазақстан: ұлы елдің бірігу тарихы»;

«Бір шаңырақ астында»;

«Мәңгілік Ел»;

«Бір ұлт, бір мүдде, бір мақсат»;

«Ынтымағы жарасқан отбасы»;

«Қазақстан – ортақ үйіміз»;

«Достық – баға жетпес байлық»;

«Менің көп ұлтты отбасым»

«Шексіз достық»

«Уақыттардың ажырамас байланысы»

«Тіл – татулық тірегі»

«Ұйыған отбасында»

«Ұлтаралық келісім – бейбітшіліктің нысаны» және басқалары.

Эссенің ресімделуіне қойылатын талаптар:

Жұмыс Word форматында жазылады, қаріпі Times New Roman 14, бірыңғай жоларалық интервал, мәтінді түзету – беттің ені бойынша, жақтаулары: сол жағынан – 3 см, оң жағы, жоғарғы және төменгі жағы - 2 см. Дәйексөздер, басқалардың ойлары пайдаланылса, оларға сілтемелер берілуі тиіс.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

1) тақырыпты ашуы;

2) сюжет пен авторлық көзқарастың түпнұсқалығы;

3) байқау жұмысының әлеуметтік мәні, позитивтілігі және креативтілігі (жаңашылдығы, түпнұсқалығы);

4) өз бетімен орындалуы;

5) жазба сөздің сапасы, сауаттылығы.

Байқауға тек жеке жұмыстар қабылданады.

11. Байқауда бір қатысушы бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр қатысушыдан әр номинацияға бір жұмыс қабылданады. Әр номинацияға жеке жұмыс ретінде жеке ақша төленеді.

12. Байқау жұмысының титул парағында келесілер көрсетіледі:

облысы, аудан (қала), ауылы;

білім беру ұйымының аталуы;

байқау және номинациясының аталуы;

автордың аты-жөні;

қатысушының жасы;

e-mail, байланыс құралдары;

Жеткешісінің аты-жөні.

13. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау

14. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

15. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификат беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефоны: +7 (7172) 249 306 («Қазақстан: ұлы елдің бірігу тарихы» байқауы).

Дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: www.ziyatker.org → Орталық қызметі → Республикалық іс-шаралар → «Қазақстан: ұлы елдің бірігу тарихы» байқауы → әрі қарай).

Ережеге қосымша

Қашықтықтан өткізілетін Республикалық интернет-байқауға қатысу туралы ұсыным

Қатысушының аты-жөні Қатысушының жасы	Облысы, қала, аудан, ауыл, білім беру ұйымының атауы	Байқаудың, номинациясының, жұмыстың атауы	Байланыс құралдары (ұялы телефоны, электронды поштасы)	Жетекшісінің аты-жөні
1	2	3	4	5